

Нұр-Мубарак Египет Ислам мәдениеті университеті, Исламтану кафедрасының Ph.D докторанты Утпинов Наурызбай Тагановичтің «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша Ph.D докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары қазақ қоғамында байқалған дінге жаппай бетбұрыс, әсіресе, исламға қызығушылық әлі де қарқынын азайтқан жоқ. Бұл өз кезегінде ата дінімізді дұрыс түсіндіріп, бұқара халыққа үйретушілерге қажеттілік тудырды әрі зор жауапкершілік пен байыптылықты жүктеді. Докторант Наурызбай Таганович Утпиновтың ғылыми жұмысының өзектілігі міне осында жатыр. Шетелдерге барып, дінді үйренуге ден қойған жастар қайтып келіп дінді уағыздауда әрқелкі сипатта жұмыс жүргізгендіктен, нәтижесі де әрқалай көрініс берді. Тіпті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасынан гөрі жекелеген дін белсенділері шығып, халық солардың уағызына елітті. Дегенмен бұл уағызшылар казак қоғамының ерекшеліктерімен санаспастан, өз уағыздарын белсенді жүргізді. Мемлекеттің тиісті органдары да, Дін туралы заң да оларды бақылауға әлсіздік танытты. Соның нәтижесінде керітартпа діни ағымдар өздерінің дінге де, заңға да сыймайтын әрекеттерімен қазақ санасына кері әсер ете бастады. Жұрттың байырғы дін түсінігі өзгеріп, дін біріктіруге емес, бөлшектеуге қызмет етті. Дінді теріс уағыздаушылар салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрге дінді қарсы қойып, тіпті мемлекеттік жүйеге де шатыса бастады. Теріс дін уағыздаушылардың соңынан ергендер жихад деп Сирияға дейін барып соғыстарға қатысуды шығарды. Неке, отбасылық қатынастарға сызат түсті. Осының бәрі дінді теріс түсінген әрі соны белсенді уағыздаушылардың әсерімен болғаны және оның қазақ санасына жат әсері докторант Н.Т. Утпиновтың ғылыми жұмысында жан-жақты ашылған.

Осы күнге дейін ана тілімізде ислами уағыздың сыр-сипатын, тарихын, әдіс-тәсілдерін көрсететін бірде-бір кітап, не оқулық, не жол көрсеткіш жарыққа шықпады. Осы жағынан алғанда бұл елімізде жасалған ең алғашқы жұмыс, тың бағыттың бастамасы. Бұндай еңбектің теориялық-ғылыми да практикалық тұрғыдан аса қажеттігі дау тудырмайды. Теориялық дейтініміз біздің уағызымыз ғылыми негізге сүйенуі керек, бұл еңбектің нәтижелерін имам-хатибтер дайындауда қолдануға болады. Ал тәжірибелік тұрғыдан маңызы ҚМДБ-на қарасты мешіт имамдары, үгіт-насихат топтарының біліктілігін арттыруға арналған курстар мен семинарлар мен тренгтер көмекші құралға зәру.

Н.Т.Утпинов өзінің ғылыми жұмысында тарихи талдау, салыстырмалы талдау, герменевтика әдісі және басқа да жалпы ғылыми әдістерді қолдана отырып, дағуат دعوة ұғымын және оның ислам тарихындағы орнын, өзіндік әдіс, тәсілдерін, дін насихатшысына қойылатын талаптар,

Мұхаммед пайғамбарға тән дағуат әдебін, Құрандағы осы мағыналас ұғымдарды анықтаған. Қазақстан мысалын негізге ала отырып, елімізде бірқатар мұсылман жамағаттардың жасап отырған қызметі, түрлі белсенділердің исламға шақыру әрекеттері, ұстанған әдістеріндегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарына дінтанулық талдау жасаған. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда Қазақстан қоғамындағы дінге шақыру әрекеттерінің қоғамдық санаға тигізген әсерлерін кеңкөлемді талдап, тиісті тұжырымдар жасай білген.

Қорыта келгенде, Утпинов Наурызбай Тагановичтің «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын исламтану ғылымын жаңа ғылыми деректермен толықтырған диссертациялық жұмыс деп санаймын. Кездескен кемшіліктер ғылыми жұмыстың жалпы мазмұнына кері әсерін тигізбейді етпейді. Ғылыми жұмыстың мақсаты ашылған, қорғауға ұсынуға болады деген пікірдемін.

Ш. Керім

**Шамшәдин Керім,
филология ғылымдарының докторы,
профессор**

